

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-73	
Силлабус	12 беттің 1 беті	

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ
жанындағы медицина колледжі**

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

СИЛЛАБУС

Пән коды: ЖКП 02
 Пәні: Медицинадағы латын тілі
 Мамандығы: 09110100 «Стоматология»
 Біліктілігі: 4S09110102 «Дантист»
 Оқу сағатының/кредит көлемі: 24/1
 Теория: 24 с.
 Курс: 2
 Оқу семестрі: 3
 Бақылау түрі: диф.сынақ

Шымкент, 2024 ж.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-73
Силлабус		12 беттің 2 беті

«Медицинадағы латын тілі» пәні бойынша силлабус жұмыс оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды.

Оқытушы: Ө.С. Түкібаев

Мамандығы: 09110100 «Стоматология»

Біліктілігі: 4S09110102 «Дантист»

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «27» 08 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі:  А.Т. Сатаев

«Жалпы білім беретін пәндер» Пәндік циклдік комиссия мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «28» 08 2024 ж.

Төрайымы:  Г.Т. Анапияева

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжінің Әдістемелік Кеңесінде қаралды және бекітілді.

Хаттама № 1 «28» 08 2024 ж.

Төрайымы:  Г.С. Рахманова

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-73	
Силлабус	12 беттің 3 беті	

Оқытушы туралы мәліметтер:

№	Аты-жөні	Дәрежесі және лауазымы	Қызметі	Жүргізетін пәні	Эл.мекен-жайы
1	Түкібаев Ө.С.	оқытушы	оқытушы	латын тілі	tukibaev_07@mail.ru
2	Есжанов А.С.	оқытушы	оқытушы	латын тілі	G-Acet66@mail.ru

3.1. Кіріспе

Медициналық оқу мекемелерінде латын тілінің оқытылуы медицина саласында қолданылатын терминдердің игерілуінің негізі болып табылады.

Латын тілінің оқытылуы Білім алушытердің латын және грек-латын тілдерінен шыққан медициналық терминдерді саналы түрде меңгерілуін қамтамасыз етуі тиіс, өйткені оларды Білім алушытер күнделікті оқу барысында және болашақ қызметінде кездестіреді. Сондықтан латын тілінің курсы жалпы медициналық, клиникалық пәндердің терминология негіздерін оқытуға бағытталған. Білім алушы латын тілін өз мамандығы аясында қолдана алатындай дәрежесіне жетуі қажет.

3.2. Пәннің саясаты:

Білім алушытерге қойылатын талаптар:

- Себепсіз сабақтарды жібермеу;
- Сырт келбеті жинақы, ұқыпты;
- Жоғарғы оқу орнында бекітілген жалпыға міндетті форманы сақтау;
- Тәжірибелік сабақтарда белсенділік көрсету;
- Сабақтарға дайындықпен келу ;
- Сабақтарға кешікпеу;
- Сабақ кезінде әдептілік атмосфера сақтау;
- Кафедра мүлкін ұқыпты пайдалану;

Себепсіз жіберілген сабақтар өтелмейді. Әртүрлі себептермен (денсаулыққа байланысты, жанұя жағдайы, басқа да себептермен) жіберілген жағдайда ,анықтама құжаттарының негізінде деканаттың рұқсатымен өтеледі. Өтем сабаққа берілген рұқсат парағы 30 күн жарамды.

Сабақтарында бағаланып, оқу журналы мен электронды журналға қойылады, себепсіз жіберілген сабақтардың айып баллдары алынады.

Білім алушы аралық бақылауға себепсіз келмеген жағдайда пәннің емтиханына жіберілмейді. Білім алушы ағымдық, аралық бақылаулардан 50% дан төмен алған жағдайда пәннің емтиханына жіберілмейді.

3.3. Пәннің мақсаты: Латын тілін оқытудың негізгі мақсаты - халықаралық медициналық терминология негіздерін, ғылыми түсініктерді және медициналық терминологияның үш (анатомиялық, фармацевтикалық жалпы рецептурамен, клиникалық) жүйесін Білім алушытерге меңгерту.

3.4. Оқыту міндеттері: Латын тілі фонетикалық және орфоэпиялық жүйесін меңгерту, латын грамматикасын негізін оқыту (септелу жүйесі, зат есім мен сын есімнің тіркесуі т.б.), дәрі-дәрмектердің атауларының сөзжасамдық тәсілдерін меңгерту, клиникалық терминдер құрамы арасынан белгілі терминдер элементтерін ажыратып алып, олардың мағынасын түсіндіруге үйрету.

3.5 Оқытудың соңғы нәтижелері:

Біледі:

- алфавитті;
- фонетиканы;
- латын тілінің морфологиясын;
- терминология негіздерін (анатомиялық, фармацевтикалық, клиникалық);

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-73	
Силлабус	12 беттің 4 беті	

- латын тілінің негізін мамандық салада қолдануды;
- кәсіптік лексиканы;
- сөздіктің көмегімен кәсіптік бағытталған мәтіндерді аудару техникасын.

меңгереді:

- латын сөздерін оқуды, жазуды;
- дәрілік түрлердің атауларын дұрыс оқып, және жазуды;
- клиникалық терминдердің мағынасын дұрыс түсіндіруді;
- клиникалық терминдерді бағытталған мағынада құрастыруды;
- әртүрлі дәрілік түрлерге рецепт құрастыруды;
- әртүрлі дәрілік түрлерге рецепт жазып және рецептерді латын тілінен аударуды;
- бағытталған мамандық мәтіндерді сөздікпен аударуды;
- бағытталған клиникалық мәтіндерді құрастыруды және аударуды;
- бағытталған анатомиялық мәтіндерді құрастыруды және аударуды;
- медициналық терминдермен латын тілін негізін;

3.6. Реквезитке дейінгі: Ағылшын тілі

3.7. Реквезиттен кейінгі: Патологиялық анатомия

3.8. Пәннің қысқаша мазмұны

Медициналық терминологияның қалыптасуындағы латын тілінің рөлі. Латын тілінің әріптері мен дыбыстары. Әріптер мен әріп тіркестерінің оқылуы. Зат есімнің сөздік формасы. Сын есімнің сөздік формасы. Ілік септіктің (Genetivus-тың) өсімдік, жануарлар шикі заттарының белгілеуінде қолданылуы. Дәрілік формалар атаулары. Рецепт. Рецепт құрылымы. Клиникалық терминология. Грек-латын дублеттері.

3.9. Тақырыптық жоспар

Теориялық сабақтардың тақырыптық жоспары

№	Тақырыбы	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
1	Кіріспе. Латын тілінің қысқа тарихы. Алфавит. Фонетика.	Латын және көне грек тілі – әлемдік мәдениет қазынасы. Латын алфавитінің әріптері және дыбыстары.	2
2	Фонетика. Дауысты дыбыстардың оқылуы, дауыссыз дыбыстардың оқылу ерекшелігі. Екпін.	Латын екпінінің ерекшеліктері. Ұзақ және қысқа буындар.	2
3	Зат есім. Сөздік формасы. Зат есімнің бес септеуіне шолу. Анатомиялық термин құрылымы.	Зат есімнің грамматикалық категориялары. Зат есімнің сөздік формасы. Септеу жүйесі. Олардың белгілері. Қиыспаған анықтауыш.	2
4	Зат есімнің I септеуі.	Зат есімнің I септеуінің септік жалғаулары	2
5	II септеу зат есімдері	Зат есімнің I септеуінің септік жалғаулары	2
6	Сын есім. I топ сын есімдері. Сын есімді зат есіммен қиыстыру.	Сын есім. I топ сын есімдерінің жіктелуі, сын есімді зат есіммен қиыстыру әдістері.	2

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-73
Силлабус		12 беттің 5 беті

7	Сын есім. Сын есімнің шырайлары.	Сын есімнің грамматикалық категориялары. Сөздік формасы. Сын есімнің екі тобы. Септеулері. Қиысқан анықтауыш. Сын есімнің 3 шырайы: жай, салыстырмалы және күшейтпелі шырайлар. Сөздік формалары. Септеулері.	1
	№ 1 Аралық бақылау.	1-8 аралығындағы тақырыптар бойынша ауызша/жазбаша, тест тапсырмасы.	1
8	III септеу зат есімдері	Зат есімнің III септеуінің септік жалғаулары, сөздік формасы.	2
9	IV және V септеу зат есімдері	Зат есімнің IV және V септеулерінің септік жалғаулары, сөздік формасы.	2
10	II топ сын есімдері. Сын есімнің шырайлары. Осы шақ есімшесі.	II топ сын есімнің грамматикалық категориялары. Сөздік формасы. Сын есімнің екі тобы.	3
11	Етістік. Бұйрық және шартты райдың рецепте қолданылуы.	Етістіктің грамматикалық категориялары. 4 жіктеуі.	2
12	Рецепт. Рецепт құрылымы. Предлогтардың, шылаулардың үстеулердің, есімдіктердің рецепте қолданылуы.	Рецепт, оның 9 бөлігінің анықталуы, жазылу ережелері.	1
	№ 2 Аралық бақылау.	9-16 аралығындағы тақырыптар бойынша ауызша/жазбаша, тест тапсырмасы.	1
Жалпы сағат саны			24

3.10.Әдебиеттер:

Негізгі:

1. Мустафинова, О. А. Латын тілі және медициналық атаулар негізі [Мәтін] : оқу құралы / О. А. Мустафинова. - Караганды : АҚНҰР, 2015. - 112 бет. С
2. Қасымбекова, А. Н. Латын тілі [Мәтін] : оқу құралы / А. Н. Қасымбекова. - Караганда : АҚНҰР, 2016. - 284 бет. с.
3. Құдайбергенова, Ж. П. Латын тілінен жаттығулар жинағы [Мәтін] : оқу құралы / Ж. П. Құдайбергенова ; ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 194 бет. С
4. Shoibekova, A. Zh. Latin and fundamentals of medical terminology for medical students with training english : book / Алматы : Эверо, 2016. - 164 p.
5. М.Н. Чернявский .Латинский язык и основы фармацевтической терминологии. М.: ГЭОТАР-Медиа, 2015.

Қосымша:

1. Қозыбаева А.Қ. Латын тілі: оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды: ЖК «Ақ Нұр», 2012

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-73	
Силлабус	12 беттің 6 беті	

2. Жантасова, С. О. Латын тілі және медициналық терминология негіздері: оқу құралы / С. О. Жантасова, М. Т. Жанұзақова, Т. Д. Татаренко. - Алматы : Эверо, 2015. - 152 бет

3.11. Пәнді оқытудың түрлері мен әдістері:

Тәжірибелік сабақтар:

Тапсырманың орындалуы Платонус ААЖ-ның, «Тапсырма» модулінде тақырыптық жоспарға сай жүргізіледі. Тәжірибелік сабақтардың дидактикалық материалы болып табылатын ЦББР және цифрлық контент «Тапсырма» модулінде орналастырылады.

Оқытылатын бейнематериалдардың барлық түрлеріне ОҚМА Youtube каналына немесе басқа дереккөзіне сілтеме жасалады.

Тәжірибелік сабақ сұрақтары бойынша (Zoom, Webex) трансляциялық платформаларда талқылауы әңгімелесу, ауызша сұрақ-жауап түрінде «Тапсырма» модулінде берілген жазбаша түрдегі тапсырмаларды орындау бойынша мерзімі көрсетіледі (Deadline).

Тәжірибелік сабақтарды жүргізу түрлері:

- шағын топпен жұмыс жасау;
- жұптасып жұмыс істеу;

3.12. Білімді бағалау критерийлері мен ережелері:

Ағымдық бақылау:

- тест тапсырмаларын дайындау және орындау;
- сұраққа жауап беру.

Аралық бақылау: тестілеу 8 және 16 аптасында өткізіледі.

Қорытынды бақылау: Диф.сынақ, тест жүргізіледі және студент жоғарғы (мақ) 40 балл жинауы мүмкін. Жалпы бағасы: ағымдық (рейтинг) (60%) + қорытынды (40%) мына төмендегі межелік бойынша қойылады:

Қорытынды бақылау: Диф.сынақ тест нысанында жүргізіледі және білім алушы жоғарғы (мақ) 40 балл жинауы мүмкін.

Әріптік жүйемен бағалау	Баллдың сандық эквиваленті	Пайыздық өлшем	Дәстүрлі жүйемен бағалау
A	4,00	95-100%	Өте жақсы
A-	3.67	90-94%	
B+	3.33	85-89%	Жақсы
B	3.00	80-84%	
B-	2.67	75-79%	
C+	2.33	70-74%	Қанағаттанарлық
C	2.00	65-69%	
C-	1.67	60-64%	
D+	1.33	55-59%	
D	1,00	50-54%	Қанағаттанарлықсыз
F	0,00	0-49%	

3.12.1. Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

ОН №	Оқыту нәтижелерінің атауы	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
------	---------------------------	--------------------	-----------------	-------	-----------

<p>БҚ1. 1</p>	<p>Өзін-өзі дамыту: оқуды ұзақ мерзімді жоспарлау, кәсіби өсу дағдыларын меңгерген.</p>	<p>Сабакқа дайындалмаған, ізденбегені үшін қойылады</p>	<p>Сабактың тақырыбын, мақсатын, мазмұнын білгені үшін қойылады.</p>	<p>Жауап беру барысында білім алушы күрделі қателіктерге жол бермесе, мардымсыз қатесін өзі түзей алса және тақырыптың негізгі бағытына қарай бейімделсе, сөз оралымдарын дұрыс қолданып, стильдік қателіктер жібермесе, тақырып бойынша сөздік минимумды толық тапсырса қойылады.</p>	<p>Білім алушы тақырып бойынша жауап беру барысында ешқандай қателік жібермесе, пәннің негізгі бағдарын игерсе, сөз оралымдарын дұрыс қолданып, стильдік қателіктер жібермесе, ғылыми тұжырым жасай алған жағдайда; тақырып бойынша сөздік минимумды толық тапсырса қойылады.</p>
<p>БҚ1. 2</p>	<p>Сыни ойлау және шешім қабылдау: мәселелерді және ықтимал шешу жолдарын анықтайды, гипотезаны тексереді және оқиғалардың ықтималдығын бағалайды, қортынды жасайды және негізделген шешімдерді қабылдайды.</p>	<p>Алынған білімді қолданбағаны үшін</p>	<p>Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білгені үшін бағаланады</p>	<p>Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білу дағдыларын көрсеткені және оқиғалардың ықтималдығын сипаттағаны үшін қойылады</p>	<p>Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білу дағдыларын көрсеткені және оқиғалардың ықтималдығын бағалап қорытынды жасағаны үшін қойылады</p>
<p>БҚ 2.1</p>	<p>Қоғамдық өмір: қоғамдық өмірге белсенді қатысады. Коммуникативтік дағдылар: жағдайды</p>	<p>Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданады, алай да алған білімін тиімді</p>	<p>Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданған</p>	<p>Топпен қарым-қатынас және өзара әрекеттесуді қамтамасыз</p>	<p>Аудиториямен қарым-қатынас және өзара әрекеттесуді қамтамасыз</p>

<p>БҚ 3.1</p>	<p>ескере отырып, әртүрлі адамдармен тиімді қарым-қатынасты көрсетеді. Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданғаны, алған білім негізінде оқу экспериментін жүргізгені үшін қойылады.</p>	<p>көрсете алмағаны үшін қойылады.</p>	<p>ы, алған білім негізінде оқу экспериментін жүргізгені үшін қойылады. Іздеу және өңдеу барысында алынған ақпаратты басқа пайдаланушыларға жеткізе алады.</p>	<p>еткені үшін, ана тілі мен басқада тілдік білімі үшін қойылады. Өзін-өзі үздіксіз дамытуға және дамуға қабілетті болғаны үшін, ақпараттарды талдап және қорытындылай білгені үшін қойылады.</p>	<p>ететін ана тілі мен басқада тілдік білімін көрсеткені үшін қойылады. Өзін-өзі үздіксіз дамытуға және дамуға қабілетті болғаны үшін, ақпараттарды талдап және қорытындылап, алынған ақпаратты басқа пайдаланушыларға жеткізе алғаны үшін қойылады.</p>
-------------------	--	--	--	---	--

Аралық бақылауды бағалау критерийлері

Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
<p>Жазбаша/тестілеу</p>	<p>Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%) бағаларына сәйкес келеді</p>	<p>Егер білім алушы жауап беру кезінде ешқандай қателіктерді жібермеген жағдайда қойылады. Оқылатын пән бойынша теорияларға, тұжырымдамаларға және бағыттарға сүйенеді және оларға сыни бағасын береді, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 89-100% береді.</p>
	<p>Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%) C+ (2,33; 70-74%) бағаларына сәйкес келеді</p>	<p>Егер білім алушы жауап беру кезінде өрескел қателіктер жібермесе, принципіальды емес немесе студенттердің өздері түзеген принципіальды қателер жіберсе, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей алған жағдайда қойылады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 70-89% береді.</p>
	<p>Қанағаттанарлық C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%) бағаларына сәйкес келеді</p>	<p>Егер білім алушы жауап беру кезінде нақты емес және принципіальды қателер жібергенде, оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттермен шектелсе, материалды жүйелеуде үлкен қиындықтарға кездескен жағдайда қойылады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50-69%</p>

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-73	
Силлабус	12 беттің 9 беті	

		береді.
	Қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%) бағаларына сәйкес келеді	Егер білім алушы жауап беру кезінде принципиальды қателіктер жіберсе, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс жасамаса, пәннің ғылыми терминологиясын қолдана алмаса, өрескел стилистикалық және логикалық қателіктермен жауап берген жағдайда қойылады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 0-50% кем береді.

Емтиханды бағалау критерийлері

Бақылау түрі	Бағасы	Бағалау критерийлері
Тестілеу (50 тест тапсырмасынан)	Өте жақсы А (4,0; 95-100%); А- (3,67; 90-94%) бағаларына сәйкес келеді	Тест бойынша дұрыс жауаптардың 86-100% береді
	Жақсы В+ (3,33; 85-89%); В (3,0; 80-84%) В- (2,67; 75-79%) С+ (2,33; 70-74%) бағаларына сәйкес келеді	Тест бойынша дұрыс жауаптардың 75-85% береді.
	Қанағаттанарлық С (2,0; 65-69%) С- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%) бағаларына сәйкес келеді бағаларына сәйкес келеді	Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50-74% береді
	Қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%) бағаларына сәйкес келеді	Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50% кем береді.

OÑTÜSTİK-QAZAQSTAN

**MEDISINA
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL
ACADEMY**

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

Силлабус

044-73/11-73

12 беттің 10 беті

OÑTÜSTİK-QAZAQSTAN

**MEDISINA
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL
ACADEMY**

АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

Силлабус

044-73/11-73

12 беттің 11 беті

OÑTÜSTİK-QAZAQSTAN

**MEDISINA
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL
ACADEMY**

АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

Силлабус

044-73/11-73

12 беттің 12 беті